



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



Профессор Талгат Сайрамбаевтың 80 жылдығына арналған
**«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨРКЕНИЕТ БӘСЕКЕСІНДЕ: ЗЕРТТЕУ
ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МОБИЛЬДІ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн-конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

Алматы, 28-29 сәуір 2017 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-методической онлайн-конференции
**«СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В УСЛОВИЯХ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЦИВИЛИЗАЦИИ:
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ПАРАДИГМЫ И МОБИЛЬНЫЕ
ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ»** посвященный 80-летнему юбилею
профессора Талгата Сайрамбаева

Алматы, 28-29 апрель 2017 год

COLLECTION of MATERIALS
of International scientific-methodical online conference
**«MODERN KAZAKH LANGUAGE IN THE CONDITIONS
OF COMPETITIVENESS OF CIVILIZATION: RESEARCH
PARADIGMS AND MOBILE TECHNOLOGIES OF TEACHING»**
dedicated to the 80th anniversary of the Doctor of Philological Sciences,
Professor Talgat Sairambaev

Almaty, 28-29 April, 2017

ӘОЖ 811,512,122
КБЖ 81.2
Қ21

Шығарылымға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Әбдіманұлы Әмірхан – филология және әлем тілдері факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор
Әміров Әбдібек Жетпісұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасы менгерушісінің м.а., ф.ғ.к., доцент
Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері:

Иманалиева Ғазиза Қынуарбекқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.
Мамаева Мәкен Қасымбайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.
Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.
Әнесова Үміт Ғарифоллақызы – Қазақ тіл білімі кафедрасы менгерушісінің ғылыми-
инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, PhD
Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызы – «БМ020500-Филология» мамандығының 1-курс магистранты

«Профессор Талғат Сайрамбаевтың 80 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ тілі өркениет
бәсекесінде: зерттеу парадигмалары және оқытудың мобилді технологиялары» атты халықаралық
ғылыми-әдістемелік онлайн конференцияның материалдары (2017 жылдың 28-29 сәуірі). –
Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 357 бет.

ISBN 978-601-04-003-6

ӘОЖ 811,512,122
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-04-003-6

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

МАЗМҰНЫ

<i>Исанова А.</i> Ақжарқын жан еді.....	6
<i>Тасымов А.</i> Көрнекті ғалым Талғат Сайрамбаевтың туғанына – 80 жыл.....	7
<i>Смағұлова Г.Н.</i> Талғат Сайрамбайұлы – сөз тіркесінің білгір маманы	9
<i>Салқынбай А.Б.</i> Айқын қағида, нақты тілдік дерек (профессор Т. Сайрамбаевтың ғылыми зерттеулері кахында).....	12
<i>Ермекова Т.Н.</i> Синтаксистік жүйені тұтастыра зерттеуші тұлға.....	16
<i>Сағындықұлы Б.</i> Синтаксистің сардары – Сайрамбаев.....	18
<i>Ыбырайым Ә.О.</i> Ғалым-ұстаз туралы толғаныс.....	21
<i>Рамазанова Ш.Ә.</i> Ұлағатты ұстаз.....	23

I СЕКЦИЯ

ПРОФЕССОР ТАЛҒАТ САЙРАМБАЕВ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІНІҢ ІЗДЕНІСТЕРІ

<i>Мамаева М.Қ.</i> Профессор Т.Сайрамбаевтың ғылыми мектебі: зерттеу бағыттары мен тың ізденістер.....	26
<i>Ақыжанова А.Т.</i> Жаңашыл ғалым.....	29
<i>Аширова А.Т.</i> Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары.....	33
<i>Әлісжан С.</i> Ғылым тілін танудың кейбір қырлары.....	38
<i>Берібаева С.Б.</i> «Абай жолы» роман-эпопеясындағы есімді сөйлемдердің қолдану аясы.....	43
<i>Елеуова А.С.</i> Профессор Т. Сайрамбаевтың зерттеулеріндегі грамматиканың кейбір теориялық мәселелері.....	50
<i>Елікбаев Б.</i> Ұстаз бен шәкірт.....	53
<i>Жылқыбай Г.Қ.</i> Синтаксиспен сырласқан Сайрамбаев.....	56
<i>Иманалиева Ғ.Қ.</i> Профессор Т. Сайрамбаевтың шылаулардың коммуникативті қызметіне қатысты тұжырымдамалары.....	60
<i>Иманқұлова С.М.</i> Морфологияның зерттеу нысанына қатысты мәселелер.....	64
<i>Күзекова З.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі баяндауыштың берілуі.....	67
<i>Қадырқұлов Қ.</i> Профессор Талғат Сайрамбайұлының зерделі зерттеулері.....	74
<i>Қияқова Р.Ж.</i> Көп функциялы «де» көмекші етістігі.....	77
<i>Оңалбаева К.Қ.</i> Есімді сөйлемдер, түрлері, жасалуы, семантикасы.....	80
<i>Сәдуақасұлы Ж.</i> Сөз тіркесін сөйлеткен сұңғыла ғалым.....	84
<i>Өмірбекова Р.Қ.</i> Есімше және оның басыңқы сынарда жұмсалыу ерекшеліктері.....	88
<i>Ayauzhan Tausogarova, Nassikhat Utemgaliyeva.</i> Lexical and semantic peculiarities of auto-and hetero-stereotypes in kazakhiya newspaper.....	92
<i>Төлеу М.М.</i> Лексикалық категориялар жүйесіндегі каузальдылық мағынасының себеп етістіктері арқылы берілуін функционалдық синтаксис тұрғысынан қарастыру.....	96

II СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢА ЗАМАН ҮРДІСІНЕ САЙ ЗЕРТТЕУ

<i>Абитжанова Ж.А.</i> Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафораға негізделген фразеологизмдер.....	101
<i>Аманжолова А.А.</i> Мектеп сленгі бірліктерінің семантикасы.....	105
<i>Аметова С.О., Күркебаев К.Қ.</i> Тілдің метафоралық дамуы.....	108
<i>Аширова А.Т., Абдрахманова Ж.Ә.</i> Газет мақалалары тақырыптарының берілуі.....	112
<i>Әлкебаева Д.А.</i> Модальдылық семантикалық категориясы.....	115
<i>Әлімтаева Л.Т., Қабылбек А.</i> Сән өндірісі жарнама мәтіндерінің тілі және прагматикасы.....	119

<i>Ебелекбаева Ә.Қ.</i> Дайындықсыз сөйлеу тілінде интонацияның прагматикалық функциясы.....	124
<i>Ерназарова З.Ш.</i> Сөйлем семантикасы ұлттық таным моделінің құрылымын жинақтаушы бірлік ретінде.....	131
<i>Жолдасов Қ.Қ.</i> Ғалым Н.Т. Сауранбаевтың қазақ диалектілерін фонетикалық тұрғыдан жіктеуі.....	136
<i>Каримова Р.Х.</i> Компонентный анализ немецких астионимов и принципы их номинации.....	140
<i>Мамаева М.Қ.</i> Модаль сөздердің функционалды-грамматикалық ерекшеліктері.....	144
<i>Меджитова Э.Н.</i> Къырымтатар тили чѣль шивесинде сой-сопрукъны бильдирген терминлер.....	148
<i>Момынова Б.Қ.</i> Дыбыс және дыбыс түрлері бейвербалды мәдени код ретінде: мағыналық ерекшеліктері.....	152
<i>Мұхамбетов Ж.И., Кенжебаева Г.А.</i> Қазақ тіліндегі киелі ұғымдар, олардың этнолингвистикалық сипаты.....	158
<i>Нұрмұхан Ә.С.</i> Күлкі түрлері: жағымды, жағымсыз күлкінің берілу жолдары.....	164
<i>Сарышова К.С.</i> Фразеологизмдердің синтаксистік ерекшелігі.....	166
<i>Сырлыбаева Г.Т.</i> Фразеологиялық антонимдердің контекстегі ерекшелігі.....	171
<i>Таңсықбаева Б.А.</i> Қарғыс мәнді сөздер.....	174
<i>Телгожаева Қ. С.</i> Таза сөзінің этимологиясы және мағыналық дамуы.....	180
<i>Үкібаева М.Р.</i> Ілік септігі және тәуелдік жалғауларының архаикалық формасы.....	184
<i>Хафизова З.Р.</i> История изучения религиозной лексики в русском языкознании.....	187
<i>Чалтикенова Л.А.</i> Морфологиялық нұсқалар мен синтаксистік нұсқалардың аралас келуі.....	192
<i>Шакирова З.А.</i> Особенности лексикографического описания имен собственных в англоязычных толковых словарях.....	196
<i>Шыныбекова А.К., Атаханова Н.</i> Қазіргі синтаксис терминдері және терминжасам мәселелері туралы.....	199

III СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

<i>Алмухаметова Г.С.</i> Студенттердің қатысымдық мәдениетін жетілдіру мәселелері.....	205
<i>Амирова М.Ж., Рахова К.М.</i> Тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы оқыту.....	208
<i>Барлубаева А. К.</i> Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық ойлауы мен сөйлеуін дамытудың тиімді әдістері.....	211
<i>Дәрменқұлова Р.Н., Абдуллина З.А., Әміров Ә.Ж.</i> Үш тұғырлы тіл саясаты аясында қазақ тілі сабағында кәсіби бағдарлы мәтіндерді меңгерту жолдары.....	215
<i>Егізбаева Н.Ж., Бекішева Р.М.</i> Тілдік білім беруді жеке тұлғаға бағдарлаудың маңыздылығы.....	218
<i>Есім Т.</i> Түбірге сініскен өлі журналдардың есебінен жасалған сөз нұсқалары, оны оқытудың заманауи әдістері.....	222
<i>Әжиев Қ.Ө.</i> Техникалық жоғары оқу орны студенттеріне қазақ тілін оқыту үдерісіндегі жобалау технологиясының рөлі.....	226
<i>Жусанбаева С.Б.</i> Эксперсс-диктант жазуға үйретудің әдістері.....	230
<i>Жұмағұлова А.Ж.</i> Тілім менің – байлығым.....	233
<i>Қушербаева Г.П.</i> Қазақ тілін оқытуда жана оқыту технологияларын қолдану жолдары.....	236
<i>Күзекова З.С.</i> Ғылыми сөз: меңгерту амалдары.....	239
<i>Нұғыманова А.Қ.</i> Тіл үйрету сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдалану.....	245
<i>Саратекова Қ.Қ.</i> Музыкалық колледждерде қазақ тілі пәнінің кіріктіріліп оқытылу ерекшеліктері.....	247

метафоралар жалпыхалықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора деп аталады.

Пайдаланған әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 302 б.
2. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы Филол.ғыл. канд. дис. – Алматы, 1963. – 206 б.
3. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар: Көмекші оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. –161 б.
5. Гак В.Н. Метафора универсальное и специфическое // Метафора в языке и тексте. – Москва: Наука, 1988. – С. 174-176 .
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: «Ғылым», 1970. – 335 б.

*Аширова А.Т., Абдрахманова Ж.Ә.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценттері, ф. ғ. к.
Қазақстан Республикасы, Алматы
e-mail: anara_314@mail.ru, zhaz_abd@mail.ru*

ГАЗЕТ МАҚАЛАЛАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Передача заголовков газетных статей

Аннотация. Правильная тема – это паспорт статьи. Читатель будет оценивать прежде всего, значимость темы, его масштаб, соблюдение литературных норм. А если тема статьи будет не очень корректная, то это, во-первых, может вызвать сомнение читателя в вашем профессиональном мастерстве, во-вторых, читатель может запросто выбросить газету. И еще, запомните, тема вашей статьи должна быть понятной для всех. Если ваша статья опубликована в какой-либо сфере публикации, относящейся к отрасли, то это не будет являться актуальным. И если ваша статья, будет опубликована в общественной газете, то следите, чтобы тема статьи была понятна всем. И все таки если вы написали статью относящиеся к определенной профессиональной сфере, то замените профессиональные термины простыми словами, понятными читателю. У журналистов есть такое кредо: «Хорошая тема это уже половина статьи». Человек который работает в этой сфере должен помнить главное Вас могут прочитать, но вас не запомнят. Хотите чтобы вас запомнили отделяйтесь от других.

Ключевые слова: тема, статья, публикация, интервью, профессиональный термин, читатель.

Transfer of headlines of newspaper articles

Annotation. The correct topic is the passport of the article. The reader will first of all evaluate the importance of the topic, its scope, adherence to literary norms. And if the topic of the article is not very correct, then this, firstly, can cause the reader to doubt the professional skills, and secondly, the reader can easily throw out the newspaper. And yet, remember, the theme of your article should be understandable for everyone. If your article is published in any area of publication relating to the industry, then this will not be relevant. And if your article is published in a public newspaper, then make sure that the topic of the article is clear to everyone. And still, if you wrote an article relating to a certain professional sphere, then replace the professional terms in simple words, understandable to the reader. Journalists have such a credo: "A good topic is already half the article." The person who works in this field should remember the main thing you can read, but you will not be remembered. Want to be remembered from you.

Keywords: Theme, article, publication, interview, professional term, reader.

Кез келген газеттің немесе журналдың оқырманы қандай да бір материалды оқу үшін ең алдымен міндетті түрде ондағы мақалалардың тақырыбына үлкен мән береді. Себебі журналистер арасында қалыптасқан теория бойынша «Жақсы тақырып – жарты мақала». Сондықтан да қалам ұстаған әрбір журналист ең алдымен өз тақырыбының сауатты әрі оқырман үшін қызық болуына мән беруі керек. Ал қазіргі таңда газет бетінде қандай тақырыптар беріліп жүр? Олардың артықшылықтарымен кемшіліктеріне қарап өтелік.

Біріншіден, кәсіби терминдердің газет бетіндегі тақырыптарда жиі-жиі кездесе бастауы. Бірақ естен шығармауға тиіс, дәлірек айтқанда назар аударар бір жағдай бұл қазір көбіне жалпыға бірдей таратылатын республикалық, қоғамдық басылымдарда белең алып барады. Ал қоғамдық газеттерді барлық маман иелері, жо-жоқ, дәлірек алғанда барлық ел оқиды. Ал олардың елдің, мамандықтары да, ойлау дәрежесі де, білімі де, жасы да, ұлты да, әртүрлі. Сондықтан қазіргі газеттердегі салалық терминдер кез келген оқырманға түсінікті бола бермейді. Ендеше осыған мысал келтіріп көрелік, «**Трансформация тиімділігі**» («Жас казак» газеті, 30.10.2015). нақты осы мақала да қолданылып отырған «трансформация» сөзі экономикалық термин және бұл терминнің біздің экономикамызға енгенінің өзіне аз ғана уақыт болды. Яғни оны тіпті қаржыгерлердің өзі енді, енді түсініп келе жатыр. Ал бұл сөзді жалпыға түсінікті тілге аударсақ: «Трансформация» - мемлекеттік қаржыны, құнды қағаздарды сақтауға және мемлекеттік активтерді арттыруға, дағдарысқа төтеп беруге көмектесетін экономикалық реформа. «Трансформация» түгілі бұл түсініктеменің өзі кез келген адамға түсінікті болуы мүмкін. Сондықтан тікелей қазақша аударалық, ол «ауыспалы экономика» деген сөзге сай. Яғни нарықтың қажеттілігіне қарай өз саясатын дер кезінде өзгертіп отыратын экономикалық реформа.

«**Қазақстан дефолт алдындағы елдердің тізіміне енді**» («Жас Алаш» газеті, 18.08.2015). Мақалада «дефолт» деген сөзге түсініктеме берілмеген. Сондықтан өзіміз іздеп таптық. «Дефолт» - қазақ тіліне аударғанда қарыздың өз уақытында төленбеуі деген мағынаны білдіреді. Ал бұл жағынан кез келген өте сәтті тақырып алуға болады. Тек қана «дефолт» емес, себебі бұл сіздің оқырмандарыңызға түсініксіз сөз. Мәселен, «**Қарызымызды төлей алмай қалармыз...**».

«**ГМО туралы ақпарат көрсетіле ме?**» («Айкын» газеті, 02.10.2015). «ГМО(генетикалық модификацияланған организм)» әрине бұл тақырыпты білу үшін биология ғылымдарының докторы болудың тіпті де қажеті жоқ. Қазір бұл барлық жерлерде айтылып жүрген тақырып. Алайда осы сөзді әлі толық түсінбегендерде жеткілікті. Бәлкім тақырыпты «**Жасанды тағам жайлы ақпарат көрсетіле ме?**» деп алған жөн болар. Әрине ұзақ, бірақ баршаға түсінікті.

Екіншіден, әртүрлі ұқсас сөздерден тақырып құрау. Әрине тақырыптың жинақы, әрбір сөзі өз орнында әп-әдемі болғанына қарсы емеспіз. Алайда кейде жинақы қыламыз деп, құртып алып жатамыз. Мәселен, «**Алысты жақын етер алыс-беріс**» («Түркістан» газеті, 12.11.2015). Қайталап оқып көріңізші жаңылтпаш секілді. Бұл тақырыптан мен не түсінуім қажет? Егер осы тақырыпты дәл осы логика бойынша мысалы, «**Алыс болса да, таныс**» деп алсақ қалай болар еді? әрі мақаламен арасында байланыс күшейе түсер еді.

Осы секілді тақырыпты қараңыз «**Ескі Алматының ебедейсіз нышаны**» («Түркістан» газеті, 12.11.2015). Бірден ескерте кетейік мақала қоғамдық көлік, яғни, «трамвай» жайында. Бірінші қателік, ескі Алматыда, яғни, бұрынғы Алматыда трамвай қала көркі есептелген. Екіншіден, «нышаны» сөзі «рәмізі» деген сөзбен мағыналас, ал бұл көлік түрі «нышан» деген сөзге лайықты емес сынды. Енді осы тақырыпты ауыстырып көрейік және мақаланың мазмұнына нұқсан келтірмейміз, керісінше аша түсеміз. «**Ескі транспорт елге қауіпті**». Қысқа да нұсқа. Бірақ ішінде құлаққа түрпідей тиетін сөздер жоқ.

Үшіншіден, біздегі газеттерде әсіресе сұхбаттарда қолданылатын тақырыптың ең танымал түрі. Ол сұхбат берушінің өзі айтқан бір сөзін тақырып ретінде қоя салу. Өте оңай. Бірақ көбінесе бұл толық мақаланың тақырыбы емес, қандай да бір сұрақтың жауабы ғана болып қалады. Яғни мақаланың мазмұнын аша алмайды. Мәселен, «**Кітапхана ғасырының**»

оқырманы жоқ» («Жас казак» газеті, 13.11.2015). Жарас Кемелжан есімді журналист белгілі журналист, Азаттық радиосының басшысы Ғалым Боқаштан сұхбат алады. Сұхбатта негізінде әлем елдерінің білім жүйелерімен, ғалымдарының, студенттерінің хал-күйі және біздің қазақстандық жүйеден ерекшеліктері туралы айтылады. Ал сұхбаттағы тек бір ғана абзацта шетелдік кітап сүйер қауым туралы және біздегі қазіргі жастардың кітапқа деген қызығушылықтарының жоғалып бара жатқаны туралы айтылады. Және сол абзацтың аяқ жағында Ғалым Боқаштың өзі «Қазіргі «Кітапхана ғасырының» оқырманы жоқ» деп түйінді ой айтады. Ал журналист болса сұхбат берушінің осы сөзін жай ғана алады да тақырып етіп қоя салады. Жарайды, оған да көнейік. Алайда сұхбат берушінің бұдан да керемет сөздері идеялары болды емес пе? Күллі елдердегі білім жүйесінің проблемаларын, шетелден үйренер тәжірибелерімізді, қазіргі Қазақстан білім жүйесіне келіп жатқан өзгерістерді айтып берген адамнан алған сұхбатқа оның бір ғана салаға қатысты әрі негативті пікірін тақырып етіп алу үлкен қателік болған.

Осы секілді біраз мысалдарды келтіріп өтелік. Журналист Әсел Әнуарбек «Жас Өркен» ЖШС директоры Жүсіпбек Қорғасбектен алған сұхбатына сұхбат берушінің **«Балалар басылымдарын үлкен күрескерлікпен шығарып жатырмыз»** («Түркістан» газеті, 05.11.2015) деген сөзін алып қоя салған.

Төртіншіден, сұрақ ретінде қойылатын тақырыптар. Бұл мақалалардың белгілі бір түйіні болмайды, жай ғана болжамдар жасалады. Ары қарайғысын өзіңіз шешіп алыңыз деген секілді. Біраз мысал келтірейік, **«Шетелде емделу сән бе екен?»** («Түркістан» газеті, 30.11.2015), **«20 миллионға қашан жетеміз?»** («Түркістан» газеті, 24.11.2015), **«Жиырмананың жиыны: түйін қандай?»** («Түркістан» газеті, 19.11.2015), **«БҰҰ-ны реформалау қажет пе?»** («Түркістан» газеті, 16.11.2015), **«Менгеруші нені мензеді?»** («Айқын» газеті, 27.05.2015), **«Директор неге бизнеспен айналысады?»** («Айқын» газеті, 25.05.2015), **«Қазақстанға қалай өтіп жүр?»** («Айқын» газеті, 22.05.2015) және т.б. толассыз. Бұның бір жақсы жағы бар сіз. Ол егер сіз осы сұраққа қызығар болсаңыз, онда міндетті түрде жауабыңызды табасыз.

Енді осы төрт бірдей кемшілікті жоюдың жолдарын ұсынуымыз керек. Бірінші, терминдер. Бізге терминдер көбіне өзге тілдерден енгізіледі. Біз тек соны жұртқа түсініктірек болуы үшін қазақ тілінде сауатты аударып қолдансақ болғаны. Ал егер аударуға келмесе, мақала барысында сол сөзге аздаған түсініктеме беріп кетсек. Себебі сіз сол тақырыпты зерттегендіктен сіз оны білесіз. Ал оқырман оны өмірінде бірінші рет оқып отыр.

Екінші, әрине қазақ тілі бай тіл. Оған ешкімнің дауы жоқ. Тек сол бай тілді әдемірек қолдануға болады ғой. Ондағы қиын сөздерден гөрі жеңілдірек, түсініктірек сөздерге қарай бет бұрсақ екен.

Үшінші, тақырып – мақаланың төлқұжаты. Оны оқыған адам мақалада толық не болатынын түсінуі керек. Ал белгілі бір адамның сөзін алуға келсек оны оқырман мақаланы оқу барысында өзі тауып алады. сіз өз тақырыбыңызды ойлап табыңыз.

Төртінші, сұрақ. Бұған байланысты тек бір ғана өтініш бар: қатты айқайлаған сұрақ қойып, кейін соған жауап таба алмай қалмаңыз. Себебі оқырман сіз қойған тақырып-сұрақтың жауабын іздейді.

Түйін. Тақырып – тек мақаланың ғана емес, сіздің журналисттік қабілетіңіздің көрінісі. Демек тақырыпты дұрыс қою арқылы сіз өзіңізге оқырмандарды тарта аласыз. Және керісінше. Осыны есте ұстаныңыз.

Пайдаланған әдебиет:

1. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. Тәжірибелік нұсқаулық – Алматы, 2008.
2. <http://jasqazaq.kz/index.php>
3. <http://turkystan.kz/>
4. <http://aikyn.kz/>
5. <http://writers.kz/>
6. <http://zhasalash.kz/>